

«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

**Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу**


Берілген күні: 19.03.2020 ж.

Нөмірі: KZ16VNA00000622

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі 970740000838 бизнес-сәйкестендіру нөмірімен тіркелген «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» (Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 үй) акционерлік қоғамының екінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді. Шығарылым KZ2C 00006658 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген 35 000 000 (отыз бес миллион) атаулы қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларға бөлінген. Бір облигацияның номиналды құны 1000 (бір мың) теңге. Облигациялардың шығарылым көлемі 35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңге болады.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна



«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

### Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций


Дата выдачи: 19.03.2020 г.

Номер: KZ16VHA00000622

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию первого выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы Акционерного общества «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» (Республика Казахстан, город Нур-Султан, район Алматы, проспект Тәуелсіздік, здание 59), бизнес-идентификационный номер 970740000838. Выпуск разделен на 35 000 000 (тридцать пять миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00006658 . Номинальная стоимость одной облигации 1000 (одна тысяча) тенге. Объем выпуска облигаций составляет 35 000 000 000 (тридцать пять миллиардов) тенге.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна



«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

**Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу**


Берілген күні: 19.03.2020 ж.

Нөмірі: KZ16VNA00000622

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі 970740000838 бизнес-сәйкестендіру нөмірімен тіркелген «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» (Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 үй) акционерлік қоғамының екінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді. Шығарылым KZ2C 00006658 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген 35 000 000 (отыз бес миллион) атаулы қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларға бөлінген. Бір облигацияның номиналды құны 1000 (бір мың) теңге. Облигациялардың шығарылым көлемі 35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңге болады.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна





«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

### Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций


Дата выдачи: 19.03.2020 г.

Номер: KZ16VNA00000622

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию первого выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы Акционерного общества «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» (Республика Казахстан, город Нур-Султан, район Алматы, проспект Тәуелсіздік, здание 59), бизнес-идентификационный номер 970740000838. Выпуск разделен на 35 000 000 (тридцать пять миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00006658 . Номинальная стоимость одной облигации 1000 (одна тысяча) тенге. Объем выпуска облигаций составляет 35 000 000 000 (тридцать пять миллиардов) тенге.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна



**«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»  
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік  
қоғамының  
ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕГІНДЕГІ  
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ  
ПРОСПЕКТІСІ**

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және аталған құжатта бар ақпараттың дұрыстығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын, инвесторларды эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты адастырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналымы кезеңінде эмитент бағалы қағаздар нарығында ақпаратты ашуды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қамтамасыз етеді.

Нұр-Сұлтан қ., 2020 ж.

**1. Осы облигациялар шығарылымы «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Эмитент) екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.**

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні: 2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде;

2) шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі – 80 000 000 000 (сексен миллиард) теңге;

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегінде әр шығарылым бойынша жеке), соның ішінде:

қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні;

облигациялардың саны мен түрі;

номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі;

шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны;

облигацияларды орналастыру кезінде жұмылдырылған ақшаның жалпы көлемі;

облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйлықақы сомасы;

есептелген және төленген сыйлықақы сомасы;

сатып алу күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны;

эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйлықақы төлемеу (төлемді кешіктіру), соның ішінде орындалмаған міндеттемелер көлемі және орындауды кешіктіру мерзімі туралы ақпарат, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйлықақы сомасы;

егер облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымы тоқтатылған (жаңартылған) болса, мұндай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, негіздеме және оларды қабылдау күні көрсетіледі;

облигациялар айналатын нарықтар, соның ішінде сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атаулары;

облигациялар айналымда болған жағдайда облигациялардың ұстаушыларына беретін құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзу кезінде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында қарастырылған құқықтары, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген.

Облигациялардың осы шығарылымы екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі алғашқысы болып табылады. Эмитентте міндеттемелерін орындамау фактілері болған жоқ.

### **3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

- 1) облигациялардың түрі – қамтамасыз етусіз купондық облигациялар;
- 2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша түрде көрсетіледі) - 1 000 (бір мың) теңге;
- 3) облигациялар саны – 35 000 000 (отыз бес миллион) дана;
- 4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі - 35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңге;

5) номиналды құн валютасы, негізгі борыш бойынша және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйлықақы бойынша төлем валютасы:

номиналды құн валютасы – теңге. Барлық төлемдерді (сыйлықақы және негізгі борыш сомасының төлемдерін) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасы аумағында теңгемен ашылған банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүзеге асырылады.

Төлем жүргізген кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) Эмитент облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлем жүргізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі. Бұл айырбастау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлем жүргізу күніндегі жай-күй бойынша белгілеген бағамымен жүзеге асырылады.

Теңгені басқа валютаға айырбастау (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша төлемді облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Басқа валютаға айырбастау кезінде пайда болатын Эмитенттің шығындары облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуы тиіс сомадан ұсталады.

### **4. Орналастырылатын облигацияларды өтеу тәсілі:**

Бұл шығарылым облигацияларын өтеу қолма-қол ақшасыз нысанда ақшалай жүзеге асырылады. Облигацияларды өтеу тәртібі және шарттары, есептеу тәсілдері сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

### **5. Облигациялар бойынша табыс алу:**

облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда

облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша түрде көрсетіледі):

жылдық 11% (он бір пайыз), облигациялар айналымы басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл ішінде;

облигациялар айналымынан 7 (жеті) жыл өткен соң және айналымның соңғы күніне дейін:

сыйлықақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Базалық мөлшерлемесінің сомасына және жылдық 2% (екі пайыз) көлеміндегі маржаға тең белгіленген, сонымен қатар сыйлықақы мөлшерлемесінің жоғары шегінің мәні жылдық 15% (он бес пайыз) деңгейінде, сыйлықақы мөлшерлемесінің төменгі шегінің мәні жылдық 5% (бес пайыз) деңгейінде белгіленеді.

**«Базалық мөлшерлеме»** базалық мөлшерлемені белгілеу күні Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша таңғы сағат 9:00-дегі жай-күй бойынша <https://nationalbank.kz> ресми интернет-ресурсында жарияланатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін білдіреді; сонымен қатар егер тиісті интернет-ресурс ауыстырылған немесе қолжетімсіз болса, облигациялардың ұстаушысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен осыған ұқсас ақпаратты жариялауға уәкілетті басқа көзге жүгінуге құқылы.

Мөлшерлеме туралы ақпарат эмитенттің ішкі корпоративтік қағидалары, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте эмитенттің ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржы есептілігі депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) корпоративтік интернет-ресурстарында хабарлама орналастыру арқылы айналым басталған күннен 7 жыл өтетін күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын жарияланады.

**«Базалық мөлшерлемені белгілеу күні»** облигациялар айналымы басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл өтетін күннен бұрынғы 10 (он) күнтізбелік күнді білдіреді.

Есептеу базасы: айналым мерзімінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн.

облигациялар бойынша сыйлықақы төлеудің мерзімділігі және (немесе) сыйлықақы төлеу күндері:

облигациялар айналымы басталған күннен бастап жыл сайын өтеу күніне дейін, әр 6 (алты) ай сайын, жылына 2 (екі) рет;

3) облигациялар бойынша сыйлықақы есептеле басталатын күн:

облигациялар бойынша сыйлықақы есептеу облигациялар айналымы басталған күннен бастап жүреді. Сыйлықақы есептеу облигациялар айналымының барлық мерзімінде жүзеге асырылады – облигациялар айналымының бірінші күнінен бастап соңғы күнін қоса алғанда.

4) облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу тәртібі және шарттары, облигациялар бойынша сыйлықақы алу тәсілі:

сыйлықақы оны алуға құқығы бар және сыйлықақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің (Эмитенттің бағалы қағаздарының ұстаушыларының тізілімін жүргізу бойынша қызметтер көрсететін орталық депозитарий орналасқан орынның уақыты бойынша) (бұдан әрі – Тіркеу күні) басындағы жай-күй



бойынша Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Облигациялар бойынша купондық сыйлықақы төлеу тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына теңгемен ақша аудару арқылы төленеді. Төлем күніндегі жай-күй бойынша сыйлықақы номиналды құн мен купондық сыйлықақының жарты жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Сыйлықақыны соңғы рет төлеу облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір уақытта жүргізіледі.

5) облигациялар бойынша сыйлықақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

сыйлықақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (жылына үш жүз алпыс күн/айына отыз күн) уақыт базасы қолданылады.

#### **6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығаруды жобалық қаржыландыру кезінде қосымша мыналар көрсетіледі:**

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талаптардың құқықтары бойынша ақшаның түсу шарттары мен болжалды мерзімдері;

2) облигация ұстаушыларына базалық шарт бойынша құрылған мүлік иесінің ауысуы туралы, арнайы қаржы компаниясының органдарына кредиторлардың өкілдерін енгізу және олардың уәкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі;

арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетумен байланысты шығындарының тізілімі.

Эмитенттің облигациялары арнайы қаржы компаниясының облигациялары болып табылмайды.

#### **7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезіндегі секьюриттеу кезінде қосымша мыналар көрсетіледі:**

оригинатордың, инвестициялық портфельді басқарушы кастодиан банктің, арнайы қаржы компаниясының және талаптың кемітілген құқықтары бойынша төлем жинайтын тұлғаның атауы және орналасқан жері;

2) секьюриттеу мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;

3) талап құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтер құрамына кіретін талап құқықтары бойынша ақша түсуінің шарттары, тәртібі және мерзімі, және оларды бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) секьюриттеу мәмілесі бойынша қызметтерге ақы төлеумен байланысты шығындар, арнайы қаржы компаниясы бұл шығындарды бөлінген активтерден шегеруге құқығы бар шарттар;

б) оригинатордың және секьюриттеу мәмілесіне қатысушы тұлғалардың секьюриттеуді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;

7) секьюриттеу мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің көлемі, құрамы және өсімінің болжалды талдауы;

8) талаптар құқығының біркелкілік өлшемдері;

9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу тәртібі.

Эмитенттің облигациялары арнайы қаржы компаниясының облигациялары болып табылмайды.

### **8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

1) облигацияларды орналастырудың басталу күні - облигациялар айналымының басталу күні;

облигацияларды орналастыру күнінің аяқталуы – облигациялардың айналу кезеңінің соңғы күні;

облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы) – облигациялар тек бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылады.

### **9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:**

1) облигациялар айналымының басталу күні – «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларына сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілетін күн;

2) облигациялар айналымының аяқталу күні - облигациялар айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткен күнді қоса алғанда облигациялар айналымының соңғы күні;

3) облигациялар айналымының мерзімі - облигациялар айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл;

4) облигациялар айналымы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы) - облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында айналымда болады.

### **10. Облигацияларды өтеу шарттары және тәртібі:**

1) облигацияларды өтеу күні - облигациялар айналымының соңғы күнінен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

Барлық төлемдер – Эмитент сыйлықақыны және облигацияларды қолма-қол ақшасыз төлейді.

2) облигацияларды өтеу тәсілі – облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінің басындағы жай-күй бойынша облигациялар ұстаушыларының тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларының банктік шоттарына ақша (теңге) аудару арқылы облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде соңғы купондық сыйлықақыны төлеп, облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі;

3) облигацияларды өтеу кезінде сыйлықақы және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес басқа мүліктік құқықтармен жүзеге асырылатын болса, бұл құқықтардың сипаттамалары, сақтау амалдары, бағалау тәртібі және аталған құқықты бағалауға уәкілетті тұлғалар, сонымен қатар бұл құқықтың ауысуын жүзеге асыру тәртібінің сипаттары көрсетіледі – бұл шағыралым облигацияларының төлемі ақшалай жүргізіледі.

**11. Облигацияларды сатып алудың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:**

1) облигацияларды сатып алу құқығын жүзеге асыру тәртібі, шарттары:

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз облигацияларын олар айналымға түскен бүкіл мерзім ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға құқылы. Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы, тәртібі, шарттары және мерзімі Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен белгіленеді. Сатып алынған облигациялар өтелді деп саналмайды және Эмитент оларды қайтадан орналастыруы мүмкін.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигацияларды ұстаушылар құқықтарының бұзылуына әкелмеуі тиіс.

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда эмитент Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіпте Эмитенттің ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) корпоративтік интернет-ресурсында хабарлама орналастырып, шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл шешімді облигациялар ұстаушыларына жеткізеді. Хабарламада облигацияларды сатып алу тәртібі, шарттарының сипаттамасы және күні көрсетілуі тиіс.

Кез-келген облигация ұстаушысы облигацияларды сатып алу туралы тиісті ақпарат алғашқы рет жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде эмитент орналасқан мекенжай бойынша облигациялар ұстаушысына тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінім жіберуге құқылы.

Облигация ұстаушылары өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы өтінімді ерікті нысанда барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып беруі тиіс:

*заңды тұлға үшін:*

- облигациялар ұстаушысының атауы;
- бизнес-сәйкестендіргіш нөмірі;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (анықтама) нөмірі, берілген күні және берген орган (қолданылатын жағдайда);

- заңды мекенжайы және орналасқан жері;
- телефондары;
- банктік деректемелері;
- сатып алынуы тиіс облигацияларының саны және түрі;

*жеке тұлға үшін:*

- облигация ұстаушыларының тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты;
- жеке сәйкестендіру нөмірі;
- тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган;
- тұратын жері;
- телефондары;
- банктік деректемелері;
- сатып алынуы тиіс облигацияларының саны және түрі.

Эмитент эмитенттің мекенжайына жоғарыда көрсетілген жазбаша хабарламаны жіберген, сонымен қатар сатып алу басталған күннен бұрынғы соңғы күнтізбелік күнге дейінгі жай-күй бойынша облигациялар ұстаушыларының тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларынан облигацияларды сатып алады.

Эмитент облигацияларды сатып алуды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде облигациялар сатып алу арқылы жүзеге асырады. Өздеріне тиесілі облигацияларды сатуды жоспарлаған облигация ұстаушылары облигацияларын эмитентке «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде сатады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы облигация ұстаушыларының эмитентке өзіне тиесілі облигацияларды сату міндетінің пайда болуының себебі болып табылмайды.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы мына жағдайларда анықталады:

- мәміле жасау күнгі жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қалыптасқан нарықтық құнына сүйене отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасау кезінде;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасау кезінде – мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Эмитент облигацияларды сатып алуды эмитенттің облигацияларды сатып алуы туралы тиісті ақпарат алғаш жарияланғаннан кейінгі 35 (отыз бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

Орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) облигациялар туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның эмитенті «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес ашады.

Ұстаушылары өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап бермеген облигациялар осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте облигациялар айныламының мерзімі аяқталған соң өтеледі.

2) облигацияларды сатып алу құқығын жүзеге асыру мерзімі:

Эмитент облигацияларды Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген тәртіпте және мерзімде сатып алады. Эмитент Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы қабылдаған шешімін Директорлар кеңесі мұндай шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларының ықтимал әрекеттерінің тізілімін, соның ішінде Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, Эмитенттің ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарында хабарлама орналастыру үшін жазбаша хабарлама ұсыну арқылы хабарлайды.

Сатып алынған облигациялар өтелді деп саналмайды және Эмитент оларды қайтадан орналастыруы мүмкін.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялары сатып алынатын облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкелмеуі тиіс.

## **12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда қарастырылмаған қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:**

- эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар нарығында қарастырылмаған ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

- ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайдағы эмитент әрекетінің тәртібі;

- ковенанттар бұзылған жағдайдағы облигация ұстаушыларының әрекетінің тәртібі.

Облигациялар айналымының барлық кезеңінде Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Листингтік комиссиясы ұсынған мына қосымша шектеулерді (ковенанттарды) сақтауы тиіс:

1) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептеменің ұсынылу мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуі;

2) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептемесі бойынша аудиторлық есептердің ұсынылу мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуі;

3) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Эмитент акцияларының бақылаушы пакетін тікелей немесе жанама иелену үлесін (50% + 1 дауыс беруші акциялары) немесе Эмитент қызметіне басқаша түрде әсер ету мүмкіндігін жоғалтуына жол бермеуі;

4) Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлкін иеліктен шығару күнінде Эмитент активтерінің жалпы құнының 10%-нан асатын сомаға мүлкін иеліктен шығармауы;

5) Эмитенттің S&P, Fitch/ Moody's халықаралық агенттіктер берген кредиттік рейтингін BB (S&P, Fitch агенттіктерінің шкалалары бойынша)/ Ba2 (Moody's шкаласы бойынша) төмендетпей ұстап тұруы тиіс. Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингі төмендеген жағдайда - Эмитенттің S&P,



Fitch/ Moody's халықаралық агенттіктер берген кредиттік рейтингін ВВ (S&P, Fitch агенттіктерінің шкалалары бойынша)/ Вa3 (Moody's шкаласы бойынша) төмендетпей ұстап тұруы тиіс.

6) мына кезеңдерде Борыштың EBITDA-ға қатынасы коэффициентінің мына мәніне жол бермеу:

2020 - 2024 жж. 3-тен жоғары емес,  
2025 - 2028 жж. 3,5-тен жоғары емес;  
2029 ж. бастап 3-тен жоғары.

7) мына кезеңдерде Борыштың Капиталға қатынасы коэффициентінің мына мәніне жол бермеу:

2020 - 2024 жж. 0,6-дан жоғары,  
2025 - 2028 жж. 0,7-ден жоғары,  
2029 ж. бастап 0,6-дан жоғары

Мұнда:

«Борыш» – қарыз алу, борыштық бағалы қағаздар шығару, қаржылық жалға алу, өндірістік қаржы құралдарын сатып алу немесе сату және ұзақ мерзімді активтер сатып алғаны үшін төлемдер нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің баланстық құнының сомасы, сонымен қатар ҚЕХС сәйкес шоғырландырылмайтын міндеттемелер бойынша заңды тұлғалардың кепілді негізгі борышының номиналды сомасы.

«Капитал» – ҚЕХС сәйкес барлық міндеттелерді шегергеннен кейінгі ұйым капиталы.

«EBITDA» - сатудың өзіндік құнын, жалпы және әкімшілік шығындарды, есептік күнге дейінгі соңғы 12 ай бойынша сатудың өзіндік құны, жалпы және әкімшілік шығындарды және тасымалдау және сату шығындарында есепке алынатын тозу, сарқылу және амортизация шығындарын шегергенге дейінгі сатудан түскен кіріс сомасын білдіреді.

Қосымша шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде эмитенттің интернет-ресурсында ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)), сонымен қатар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржы есептілігі депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында ақпараттық хабарлама ұсыну арқылы облигациялар ұстаушыларына бұзушылықтың орын алу себебін, бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін көрсетіп, аталған бұзушылық туралы хабар береді.

Эмитент пен облигация ұстаушыларының кез-келген қосымша шектеу (ковенант) бұзылған кездегі әрекетінің тәртібі осы Проспектінің 19-тармағында қарастырылған.

### **13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде қосымша мына мәліметтер көрсетіледі:**

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастырудың бағасы, мұндай акциялар бойынша құқық;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы

айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуы тиіс екені көрсетіледі, ал егер облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, аталған шығарылымның сатып алынған облигациялары бұдан әрі орналастыруға жатпайтыны, айналым мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіпте төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айналдыру шарттарын көрсетеді.

Аталған шығарылым облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

**14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе жартылай қамтамасыз етуі болып табылатын мүлігі туралы мәліметтер:**

1) мүліктің бағасы көрсетілген шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық қатынасы;

3) өндіріп алу айналымының кепілдік нысанының тәртібі.

Аталған шығарылым облигациялары қамтамасыз етілмеген.

**15. Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен шарттары көрсетілген (егер облигациялар банк кепілдемесімен қамтамасыз етілген болса) деректері.**

Аталған шығарылым облигациялары қамтамасыз етілмеген.

**16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдік беру туралы қаулысы мен концессия шартының деректемелері - инфрақұрылымдық облигацияларын шығарған кезде.**

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мәні:**

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары

Облигацияларды орналастырудан алынған ақша мына жобаларды іске асыруға арналған:

- «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Сарыбай ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ қайта құру» (1 кезең);

- Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілер салу;

- Эмитенттің басқа да жалпы корпоративтік мақсаттары.

2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығарғанда облигациялар ұстаушылардың өкілінің қызметін онымен жасалған шарт талаптарына сәйкес төлеумен байланысты шығыстар көрсетіледі.

Бұл шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналым мерзімі аяқталған, төлемі облигациялар бойынша талап құқықтарымен жүргізілетін облигациялар шығарған жағдайда аталған облигациялардың мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі және саны, сонымен қатар облигациялардың шығарылым көлемі, облигациялар бойынша жиналған және төленбеген сыйлықақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Облигациялар талап ету құқықтарымен төленбейді.

### **19. Облигация ұстаушыларына берілетін құқықтар:**

1) эмитенттен облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған мерзімде облигациялардың номиналды құнын немесе басқа мүліктік баламасын алу құқығы, сонымен қатар облигациялардың номиналды құнынан белгіленген пайыз алу немесе облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген басқа да мүліктік құқық алу құқығы:

- облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген мерзімде Эмитенттен облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- Проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімде сыйлықақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен көзделген тәртіпте ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигацияларды ерікті түрде иеліктен шығару және басқа да жолмен басқару құқығы;
- облигация ұстаушыларының эмитенттен басқа да мүліктік балама немесе басқа да мүліктік құқықтар алу құқығы қарастырылмаған;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, сонымен қатар облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан пайда болатын басқа да құқықтар.

2) аталған құқықты іске асыру шарттары, тәртіптері мен мерзімдері көрсетілген, эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы,

сонымен қатар облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзу кезінде.

Облигациялар ұстаушыларының өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап ету құқытарын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімі:

Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 15-бабы 2-тармағында белгіленген шарттардың кез-келгенін бұзса және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшалары және 3-тармағында, сонымен қатар осы проспектінің 12-тармағы 1)-7)-тармақшаларында қарастырылған жағдайларда облигациялар ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 15-бабы 2-тармағында көзделген шарттарды бұзған жағдайда, сатып алу жиналған сыйлықақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен жүзеге асырылады.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшалары және 3-тармағында, сонымен қатар осы проспектінің 12-тармағы 1)-7)-тармақшаларында қарастырылған жағдайлар орын алған кезде эмитент орналастырылған облигацияларды мына бағалардың жоғарысы бойынша сатып алуға міндетті: (i) жиналған сыйлықақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша; (ii) облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

Сатып алу үшін «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 15-бабы 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшалары және 3-тармағында, сонымен қатар осы проспектінің 12-тармағы 1)-7)-тармақшаларында қарастырылған кез-келген негіздеме туындаған жағдайда эмитент аталған негіздеме пайда болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржы есептілігі депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама орналастырып, облигациялар ұстаушыларына облигацияларды сатып алу үшін негіздеме туындағаны туралы хабарлауы тиіс. Мұндай ақпарат облигацияларды сатып алу үшін қай негіздеме болатынын сипаттауы, сонымен қатар қажет болған жағдайда басқа да ақпараттан тұруы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама жарияланған алғашқы күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигациялардың ұстаушылары қажетті деректемелерді көрсетіп, жазбаша өтініш беруге құқылы, ал эмитент қабылдауға міндетті:

*заңды тұлға үшін:* облигация ұстаушысының атауы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (анықтама) нөмірі, берілген күні және берген орган (қолданылған жағдайда); заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алынуы тиіс облигациялардың саны және түрі;

*жеке тұлға үшін:* облигация ұстаушысының тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын

куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты мекенжайы; банктік деректемелері; сатып алынуы тиіс облигациялардың саны және түрі.

Өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуға жазбаша талап бермеген облигация ұстаушылары осы проспектіде қарастырылған тәртіпте облигациялардың айналым мерзімі аяқталған кезде өздеріне тиесілі облигацияларды өтеуге құқылы.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Проспектінің осы тармақшасында белгіленген облигация ұсатушыларының жазбаша талап қою мерзімі өткен соң 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде Эмитент белгіленген мерзім шегінде облигацияларды сатып алу туралы облигация ұстаушыларының жазбаша өтінімдерін алған жағдайда орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесі орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржы есептілігінің депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында орналастыру үшін жазбаша хабарлама ұсынып, облигация ұстаушыларына мұндай шешім туралы хабарлайды.

Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржы есептілігінің депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу жөнінде шешім қабылдағаны туралы ақпарат орналастырылған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигациялар ұстаушысының банктік шотына ақша аудару арқылы орналастырылған облигацияларды сатып алады.

Облигацияларды сатып алу бойынша келісімдер ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта жүзеге асырылады. Эмитент облигацияларды сатып алуға берілген барлық өтінімдерді бір уақытта қанағаттандыра алмаған жағдайда облигация ұстаушыларынан облигацияларды сатып алу берілген өтінімдердің реті бойынша жүзеге асырылады.

Төлем жүргізген кезде теңгені АҚШ доллары немесе Еуроға айырбастауға Эмитент облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі. Бұл айырбастау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлемді жүзеге асыру күніндегі жай-күй бойынша белгілеген бағамы бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ доллары немесе Еуроға айырбастауға облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша төлемді облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді. Айырбастау кезінде пайда болатын Эмитенттің шығындары облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуы тиіс сомадан ұсталатын болады.

3) басқа құқықтар.



## **20. Орын алған жағдайда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар туралы мәліметтер:**

1) орын алған жағдайда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар тізімі

Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және басқа да қаржы құралдары бойынша міндеттемелерін орындамау.

Орын алған жағдайда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға - Эмитенттің осы проспектіде белгіленген негізгі борыш және (немесе) купондық сыйлықақы төлемдері мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйлықақы сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауы (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы»).

Эмитенттің осы Проспектіде белгіленген шектеулердің (конвенант) кез келгенін бұзуы дефолтқа теңеледі.

